№8 дәріс. Көне түркілік ортақ фразеологизмдер құрамындағы араб-парсы элементтері.

Тіл – ұлт мәдениетінің көрінісі. Ол қоршаған ортадан, болмыстағы шындықтан, адам санасы мен ойынан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Халықтың, мәдениеттің өрнектері тілде көрініс береді. Сөздің образы эквивалентті болып табылатын фраземаларда халық менталитеті мен озық мәдениетінің, танымдық болмысының негізгі қайнар көзі жатыр. Қазақ тілінің лексикасы қат-қабат, сарқылмас мол қазына. Онда мағынасы күңгіртеніп, қолданыстан шығып қалған, өткен өмір мен ескірген әдет-ғұрыпты бейнелейтін, әр түрлі кәсіпке байланысты ұмыт болған атаулар мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Атап айтқанда, мал бағуға, саятшылыққа, зергерлікке т.б. байланысты атауларда, соларға қатысты туған сөз тіркестері мен фразеологизмдерде халқымыздың басып өткен бүкіл ұзақ өмірі өрлеп жатыр [Ж.А. Манкеева, 1997; 53б.].

В.А. Маслова былай дейді: “Всякий фразеологизм – это текст, т.е. хранитель культурной информации, если он содержит культурную коннотацию, вносит свой вклад в общую мозаичную картину национальной культуры” [В.А. Маслова, 1997; 45 б.].

Сондықтан да фраземаларды өткен тарихтың, аңыздар мен мифтердің, салт-сананың т.б. көрінісі деп қарауға болады. Мәдениет тілдік форма арқылы оның сақталуымен, тілдің әлеуметтік қызметімен тікелей байланысты. Кез келген мәдениет тіл арқылы көрініс табатынын бұдан бұрын айтып кеткенбіз. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің табиғатына лингвистикалық талдау жасай келіп, профессор С.К. Сатенова мынандай пікір айтады: “Қазақ фразеологизмдерінің шығу тарихы, қалыптасу кезеңі көмескі тартқан іздері, қыры мен сыры тек халық өмірімен тығыз байланыстыра қарағанда ғана айқын аңғарылады. Бұл – ұлттық сипатты бойына сіңірген бейнелі сөз өрнектерінің тарихы халық өмірімен, салт-дәстүрімен, діни наным-сенімдерімен астасып, үндесіп жатыр деген сөз” [С.К. Сатенова, 1997; 158 б.].

Түркі тілдерінде (қазақ тілінде) араб және парсы тілдерінен сөз ауысу үрдісі біртұтас халық тілі қалыптасудан көп бұрын, орта ғасырда басталды. Ортағасырлық түркі дәуірінде түркі тайпалары бір-бірінен бөлініп, ара-жігі айқындала бастаған мезгіл. Бұл ғасырда әр тайпаның тілінен мәлімет беретін жазба ескерткіштер саны аз емес. Олардың қатарына араб әрпімен жазылған түркі мәтіндері мен сөздіктерін, көне ұйғыр жазуымен жазылған ескерткіштерді, әдеби туындыларды жатқызуға болады.

Орта түркі тілдері ескерткіштерін топтастыру мен оларды кезеңге бөлу тұрғысында ғалымдар пікірлерінде бірізділік жоқ. Н.А. Баскаков X-XV ғасырларды екіге бөліп қарастырады:

- монғол шапқыншылығына дейінгі – X-XII ғғ.;
- монғол шабуылынан кейінгі – XIII-XV ғғ.

Қазақстан түркітанушы ғалымдары Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов бұл кезеңді III дәуірге бөледі:

- Қараханид әулетіне байланысты түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері – X-XII ғғ.;
- Орта Азия түркілерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері – XII-XIII ғғ.;
- Шағатай түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері – XIII-XIV ғғ.

Осы кезең арасында түркі тілдерінің сөздік қоры араб және парсы тілдерінен енген сөздермен толықты. Олар қазіргі тілдік тұрғыдан “кірмелік” белгісі біліне қоймайтын ана тілінің төлтума сөздеріндей болып, мәнді қызмет атқарады. Араб және парсы тілдеріне енген сөздердің қызметін Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиұлы IV топқа бөліп қарастырады [Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, 1997; 141-142 бб.]:

- тілге сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей жымдасып кеткен актив сөздер, бұлар қазақ тілінің сөздік қорына әбден тұрақтанған сөздер (ас, бақыт, ар, дүние, зат, нан және т.б.);

- жалпы халыққа таныс әрі түсінікті бола отырып, әлеуметтік өмірдің, шаруашылық пен өндірістің, түрлі мамандықтың белгілі бір саласында қолданылатын терминдік сипаттағы сөздер (нарық, базар, емтихан, үкім, құн, әділет, ереже және т.б.);
- әр түрлі экспрессивті-эмоционалды мәні бар, ерекше стильдік реңк тудыратын сөздер (махаббат, нұр, абзал, сахара, ғұлама, тағдыр, қасірет және т.б.);
- әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын сөздер (уалаят, мілләт, мизам, хикмет және т.б.).

Тіл маманы Р. Сыздықова – қазақ тіліндегі араб және парсы сөздері дерексіз ұғым атаулары мен оқу-білім, мәдениет салаларына қатысты сөздер тілге араб және иран халықтарымен тікелей қарым-қатынастың нәтижесінде енбеген, олар орта ғасырдан, XII ғасырдағы Яссауи хикметтерінен бастап, күні кешегі "Ләйлі-Мәжнүн" поэмасының түркі тілдеріндегі жырлану арқылы келген –деп тұжырым айтады [Р. Сыздықова, 1994; 173 б.].

Дүрсе қоя беру "тап беру, шап ете түсу". Л. Будаговтың пікірінше, сөздің төркіні парсы тілінің *дүрусь* "тура, кенеттен" мағынасы негізінде туындаған [С. Будагов, 1869; 570 б.]. Парсының *дурусь* сөзі қазақ тіліне дүрсе тұлғасында өзгерген. Фраземаның мағынасы "тура бас салу, кенеттен бас салу" [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 78 б.].

Діні қатты "мейрімсіз, қатыгез". Қазақ тілінде *дініне берік* тіркесі жиі қолданылады және *дін* сөзі қазіргі ұғымдағы "дінмен" қабаттасып жататынына еш күмән жоқ.

Діні қатты фраземасындағы дін парсы тілінің дэл "жүрек" мағынасында қолданылатын, дыбыстық өзгеріске түскен сөз [Персидско-русский словарь, 1970; 648 б.]. Парсы тілінде осы конструкциямен жасалған *дэл хара* "қатал, жүрегі қатып қалған" тіркесі бар. Парсы тілінде *дэл* "жүрек", *хара* "гранит" [Персидско-русский словарь, 1970; 525 б.]. Қазақ тіліндегі қара жүрек фраземасы парсы тіліндегі тіркестің аудармасы болуы ықтимал. Демек, "жүрек мейірімсіздігін" тастың (граниттің) қаттылығына теңеуден туған [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 80-81 бб.].

Ықылас қалас "барға риза болу". *Ықылас* және *қалас* сөздері екеуі де араб тілінен енген. *Ықылас* сөзінің мағынасы "ниет, пиғыл". *Қалас* 1) "құтылды, босанды"; 2) "бітті, таман болды". Парсы тілінде *хәләс* тұлғасында қолданылады [Персидско-русский словарь, 1970; 110 б.]. Көне түркі сөздігінде *халас* "құтқару, босату" мағынасында қолданылатындығы және оның араб сөзі екендігі берілген [Древнетюрский словарь, 1961; 635 б.].

Сонымен қатар "Арабша-орысша сөздікте" *қалас* сөзінің "жасанды емес, таза, адал болу, адалдық көрсету" мағыналары көрсетілген. Сондықтан да *ықылас қалас* фраземасының мағынасы "ниет адал" мағынасын беруі мүмкін [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 155 б.].

Араб және парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймай, оның лексикасын кеңейтеді. Олар қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсалып, стильдік жағынан сараланууына ықпал жасайды. Кейбір фраземалар құрамында кездесетін, қазіргі сөйлеушіге мағынасы түсініксіз сөздер тек сол тіркесте қолданылады, ал олардың орнын қазіргі тілде араб немесе парсы сөздері ығыстырған. Мысалы: *дөп басу* "дәл, нақ, тұп-тура" мағыналарында қолданылатын фраземасының құрамындағы *дөп* сөзі шор тілінде *тәп* вариантында қойбол, сағай тілдерінде теп тұлғасында "уақыт" сөзі қазақ тіліне кіргенге дейін теп, төп, дөп ұғымдарының бірі тілде актив қолданылған болу керек. Кейіннен ол сөз тілден ығысып, оның орнын кірме сөз "уақыт" басқан.

Жұрым берсін фраземасын қарт адамдар жастарға жақсы тілек айтқанда жиі қолданады. Алтай тілінің солтүстік диалектісінде, куманды-кинжи тілінде *дьүрүм* немесе *чүрим* тұлғаларындағы сөз "өмір, тіршілік" мағынасында қолданылады. Сонда *жұрым берсін* фраземасының мағынасы "өмір берсін!" болады. Кезінде тілде қолданылған *жұрым* сөзін қазіргі тілде араб тілінен енген *өмір* сөзі алмастырған да, көне түркілік "жұрым" мағынасы күңгірттеніп, сөздік қолданыстан шығып қалған. Осы туралы Ә. Нұрмағамбетов былай дейді: "Ертедегі түркі тайпаларының қолданылуында жеке мағынаға ие болған және жиі айтылған кейбір сөздер кейінірек араб, иран сөздерінің

тілімізге сыналап кіріп, қалыптасуынан ығысып шығып, тек тұрақты тіркестерде ғана сақталғандығы байқалады [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 119 б.].

Фраземалар құрамындағы көмескіленген сыңарлар қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тіркестерде де сақталған. Тілімізде әдет-ғұрыпқа байланысты пайда болған алғыс мәнді фразема – *көмегең көгерсін!* тілекті білдіретін фраземадағы *көсеге* сөзі қазіргі кезде дербестігін жоғалтып, тек фразема құрамында ғана "өмірің ұзақ болсын!, үбірлі-шүбірлі бол" мағынасында қолданылады. Ә. Қайдар *көсеге* сөзін *көгеру* сөзімен бірге айтылуында бір заңдылық бар екенін айтады. Өйткені *көгеру, көктеу* сөздері өзінің тура мағыналарымен қатар ауыс мағынаға да ие. *Көсегең көгеріп, көрпең ұзарсын!* мысалы да дәлел бола алады. *Көсеге* – түркі тілдес халықтарда дербес, заттық мағынасы бар, ол "перде, шымылдық, қоршау" мағынасында басқа тілдердің қазіргі тілдік қолданысында бар.

Көсеге сөзінің о бастағы мағынасы жаңа үйленген ерлі-зайыптыларды көп көзінен, керемет күштерден қорғау үшін жасалған перде, шымылдық. Сонымен бірге, бұл сөздің морфологиялық құрылымының көз сөзіне – еге жұрнағы жалғанып, жасалуы да ықтимал.

Сонымен *көсеге* сөзі бұрын жаңа үйленген жастарды зиянды рухтардан сақтау үшін ұсталатын перде болса, қазіргі кезде ол мағынасынан айырылып, адамның өмірінің ұзақ болуын тілейтін алғыс мәнді фраземаның құрамында ғана айтылып, өзінің дербес мағынасын жойған көне сөз.

Сеспей қатқыр! фраземасының *сес* компонентінің жеке тұрғандағы мағынасы "көмескілеу". Бірқатар түркі тілдерінде, мысалы түрік тілінде *ses* "дауыс, дыбыс, шу" мағынасында қолданылады. Бұл мағына қазақ тілінде сақталмаған тек *сеспей қатқыр!* фраземасының құрамында қолданылып "үн, дауыс, дыбыс шығармастан өле қалу" деген мағына болуы мүмкін.

Сілең қатқыр! қарғыс мәнді фраземаның құрамындағы *сіле* компоненті қазіргі қазақ тілінде жеке қолданылмайды. Көне заманда *сіле* сөзі дербес мағынаға ие болған болу керек. Қырғыз, телеуіт және шор тілдерінде *sile* "жүйке, тамыр", Хакас тілінде *cila* "күш, қуат" мағынасында сақталған. Саха тілінде *сыла, сыра* "күш, қуат, әл", өзбек тілінде *сил* "нерв жүйесі", түрік тілінде *cile* "түйін, шек, тамыр" мағынасында тілдік қорда сақталған. Ә. Айдаров *сіле* сөзінің мағыналық даму барысын былай түсіндіреді: *сіле* [*тамыр, мойын, тамыры*] > *күш* [*ішек-сілесі қатты / ішек тамыры қатты / күші қайраты кеміді*] (?).

Қазіргі тілдік қорда *сіле* сөзінің мағынасы көмескіленген, жеке қолданылмайды, *ішек-сілесі қату* деген ұғымда *ішек-тамыры қату (түйілу)* деген ұғымда *сілең қатқыр* фраземасындағы "күшің жойылып, қайратың кемісін!" мағынасында қолданылады.

Сонымен алғыс және қарғыс мәніндегі фраземалар да тілдің даму эволюциясы үрдісінің көрінісі ретінде қабылданып, тілдік қордың шұрайлы қабаттарының элементі болып табылады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б